

Хаттама №1

Күні: 27.08.2022

Уақыты:10-00

Оту орны:АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылының ӘНХ талдау. -Хусайын Қанат
2. 9,11 сынып оқушыларын еңбекпен қамтылуы.-Хакимжанова К.М.
3. Күнделік Кз толтыруға енгізілген өзгерістер ,толтыру реті-Хакимжанова К.М.
4. Сынып жетекшілерді тағайындау, бекіту.-Мектеп директоры
5. Оқу кабинеттерін аттестаттау-Мектеп директоры
6. Мектептің ішкі тәртібімен таныстыру-Мектеп директоры
7. Ағымдағы мәселелер .

Тыңдалды :

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Хусайынға берілді .Әдістемелік нұсқау хатпен қысқаша таныстырып өтті.

2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек:

- ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;
- ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- ✓ білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ✓ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- ✓ инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

2022-2023 оқу жылынан бастап мынадай өзгерістер енгізіледі:

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 сыныптарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді. «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері», 2022-23 оқу жылынан бастап сыныпты екі топқа бөлу қалалық және ауылдық мектептерде сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болған кезде жүзеге асырылады (бұрын ауылдық мектептерде бөлу сыныпта білім алушылар саны 20 аламболған кезде жүзеге асырылған).

Мектепшілік бақылау оқу-тәрбие процесін үйлестіруді жалпы мемлекеттік талаптарға (нормативтерге) және оқушы мен педагогтің дамып келе жатқан тұлғаларының сұраныстарына сәйкестігін зерделеу және талдау мақсатында жүзеге асырылады.

Оқыту процесінің және білім алушының оқу жетістігінің сапасын арттыру, педагогтерде және білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепшілік бақылауды күшейту қажет.

Сабақтарды бақылау нәтижелері пәндік әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің отырыстарында жүйелі түрде талқылануы тиіс.

Сабақты талдау (ауызша жүргізілуі мүмкін) мыналарды көздейді:

- педагогтің сабақты өзіндік талдауы;
- сабақтың ұтымды және проблемалық тұстарын бөліп көрсету;
- педагогке ұсыныстар беру.

Педагогтердің бір-бірінің сабағына жүйелі түрде қатысуы ұсынылады.

Мұғалім ТЖБ тапсырмаларының техникалық спецификациясы негізінде 2-11-сынып білім алушыларына арналған жиынтық жұмыс тапсырмаларын құрастырады. БЖБ орындау үшін сабақтың формасын (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және т.б.) және өткізу уақытын педагог дербес айқындайды.

Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын мұғалімдер академиялық адалдық нормаларын сақтай отырып дербес құрастырады.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін формативтік бағалау, БЖБ мен ТЖБ оқу тапсырмалары өткен (оқыған) тақырыптар, оқу мақсаттарын қамтуы тиіс. Бағалау критерийлері оқу мақсаттарына сәйкес болуы тиіс.

2022-2023 оқу жылында білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмысы жалғасады.

Оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне әкімшілік бақылау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін әрбір педагогтің және мектептің жұмысжоспары әзірленеді. Білім олқылықтарының орнын толықтыру жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі.

Оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізіледі.

Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі. Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысы кезінде балалардың мүддесі үшін ынтымақтастық қажет. Ата

- аналарға арналған дәрістерді, ата-аналар кештерін, Ашық есік күндерін, тренингтерді онлайн және офлайн форматта өткізу, «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебін», «Аға мектебі» және с.с. құру ұсынылады. Бұл мектептерді құрудың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының ролін арттыру.

«Еңбекке баулу» оқу пәні

«Еңбекке баулу» пәні 2022-2023 оқу жылынан бастап, тек 1 – сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады.

«Бейнелеу өнері» оқу пәні

«Бейнелеу өнері» пәні 2022-2023 оқу жылынан бастап, тек 1- сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады.

«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың басты мақсаты - білім алушының қоршаған ортаны бейнелі қабылдау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту, оларды көркем өнерге баулу.

«Көркем еңбек» оқу пәні

«Көркем еңбек» – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән.

«Көркем еңбек» кіріктірілген оқу пәні әртүрлі шығармашылық әрекеттің түрлері барысында көркем-технологиялық білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Қазақ тілінің ана тілі ретіндегі негізгі қызметі – ұлттық сана-сезімді қалыптастыру. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы қойылған базалық құндылықтар: 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; 2) құрмет; 3) ынтымақтастық; 4) еңбек пен шығармашылық; 5) ашықтық; 6) өмір бойы білім алу ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы арқылы игеріледі. Сондықтан бастауыш сыныпта қазақ тілінің ана тілі ретінде танылуына негіз болатын лингвистикалық білім мазмұны қамтылуы тиіс.

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек.

2-мәселе бойынша сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

К.М.Хахимжановаға берілді. Жалпы биыл 11-сыныптарда 49-оқушы, 9-сыныптардан 77-оқушы оқу жылын аяқтаған. 11-сыныптар бойынша 49-оқушының 6-оқушысы өтініштері бойынша ұлттық біріңғай тестілеуге барған жоқ, 21-грант, 20-ақылы, 3-колледжге тапсырды. 8-алтын белгі өз нәтижесін актады грант иегері болды.

9-сынып 77-оқушы аяқтады соның 45-оқушысы 10-сыныпқа келіп отыр, 32-оқушысы колледжге түсті және әлі өзінің нәтижесін күтіп отырған оқушылар бар, сырттан 5-оқушы келді. Жалпы 10-сыныпта 50-оқушы отыр.

3-мәселе Күнделік кз толтыруға енгізілген өзгерістер, толтыру реті -

К.М.Хахимжанова. Қандай өзгерістер енгізілді. Әр мұғалім өтілген сабағын толтыруға міндетті. Екіншіден оқушылардың жеке іс қағазының бетіне оқушылардың құжаттары жөнінде шығарып жапсырыңыздар дедім. Себебі биылдан бастап күнделіктегі табель электронды түрде болады, бір оқушы

кетіп жатса табельді электронды түрде жіберіледі . Алдағы уақытта күнделік бойынша семинар өткізіледі сынып жетекшілерге , табельді қалай қою керек одан кейін факультатив сабақтарды қалай қою керек екендігі жөнінде түсіндіріледі . Сынып сағаты күнделікке және сабақ кестесіне қойылады , уақытында толтыру ,оның ішіне жол жүру ережесі кіреді . Одан кейін үй жұмысын орындау үй жұмысының уақыты қоса қойып отыру керек. Бірінші күннен бастап 100 % қойып отыру міндетті. КТП мен күнделік кз тақырыптары сәйкес болу керек .

4-мәселе Сынып жетекшілерді тағайындау , бекіту жөнінде сөз мектеп директоры А.А.Туркестанбаеваға берілді. Биылғы оқу жылында 1-4 сыныптарда 24 сынып жинақталып отыр. 5-9 сыныптарды 26 сынып жинақталған ,10-11 сыныптарда 4 сынып жинақталып отыр.Жалпы мектепте 54-сынып бар .

сынып жетекшілері :

10 «А» сынып-Жунусова А.К. , 10 «Ә» сынып -Хусайн Қ.

11 «А» сынып- Қадырбаева Б.К., 11 «Ә» сынып -Дүйсеманова У.Ж.

9 «А» сынып- Бақытхан О., 9 «Ә» сынып-Сейтказиева А.М., 9 «Б» сынып- Бақытжан Б., 9 «В» сынып- Бақытнұр Ө.

8 «А» сынып- Мұратхан А., 8 «Ә» сынып- Айгул Капашқызы, 8 «Б» сынып- Айнұр Балтабайқызы , 8 «В» сынып- Ахметбек Айнұр, 8 «Г» сынып- Ғалия Токтағалиқызы.

7 «А» сынып- Дана Уалиханқызы ,7 «Ә» сынып- Бакыт Кабылановна,

7 «Б» сынып- Маржан Кайруллиевна, 7 «В» сынып- Арай Байғалиқызы,

7 «Г» сынып- Айжан Тендиқовна, 7 «Д» сынып- Алмагул Мұратовна,

6 «А» сынып- Кенжалы Әсет, 6 «Ә» сынып- Байлау Жұрағат,

6 «Б» сынып- Батима Каниевна, 6 «В» сынып- Динара Сағынбаевна, 6 «Г» сынып- Бижамал Қуанышбековна , 6 «Д» сынып- Қуан Ұлбүбі.

5 «А» сынып-Дүйсенова Гүлнар, 5 «Ә» сынып- Лесбекова Ұлданай, 5 «Б»

сынып- Гүлдерай Жанабековна, 5 «В» сынып- Айгүл Қаратайқызы , 5 «Г»

сынып- Назгүл Бөлекбаевна.

1 «А» сынып-Махаббат Калымтаевна, 1 «Ә» сынып- Алла Тынымбаевна ,

1 «Б» сынып-Жұлдызай Батырбековна, 1 «В» сынып-Айжан Сериковна,

1 «Г» сынып- Ақмарал Қуатбековна, 1 «Д» сынып-Береке Бакытбекқызы .

5-мәселе Оқу кабинеттерін аттестаттау -оқу кабинеттерін жабдықталуына байланысты қосымша атқарылатын мұғалімдер бар . Бүгінгі күнге дейін екі мұғалім ғана кабинет құжатын тапсырды ,сондықтан тағы 1-қыркүйекке дейін уақыт берілді .

Келесі оқу кабинеттерінің бекітілуі :

11 «А» , 5 «Г» -311-кабинет

11 «Ә», 6 «В» -316- кабинет
10 «А», 6 «Б» -230-кабинет
10 «Ә» -327-кабинет
9 «А» -309-кабинет
9 «Ә», 5 «Б» - 213-кабинет
9 «Б» - 308-кабинет
9 «В»- 317-кабинет
8 «А», 6 «Ә»-207-кабинет
8 «Ә», 5 «В»- 310 -кабинет
8 «Б» -228-кабинет
8 «В»,6 «Д»-326-кабинет
7 «А» -231-кабинет
7 «Ә»-325-кабинет
7 «Б»-318 -кабинет
7 «В»,5 «Ә»-206-кабинет
7 «Г»-319-кабинет
7 «Д»-315-кабинет
6 «А»-320-кабинет
6 «Г»-312-кабинет

6-мәселе мектептің ішкі тәртібімен таныстыру -мектеп директоры.
2022-2023 оқу жылына мектеп қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі ережесін қабылдау.

Еңбек тәртібінің ережесін бұзғандар жауапқа тартылады .

1. Мектеп қызметкерлерінің негізгі міндеттері:

-Мектеп жарғысында жүктелген ішкі тәртіптің ережелерін қатан сақтауға тиісті.

-Еңбек тәртібін сақтау үшін, уақытында жұмысқа келу, жұмыс мерзімінің ұзақтығын сақтау, әкімшіліктің тапсырмасын нақты орындау.

-2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатын басшылыққа алу .

-Қаралған ережелермен нұсқауларға сәйкес техника қауіпсіздігін сақтау.

-Нұсқауға сәйкес мерзімі көрсетілген уақытта медициналық тексеруден өту.

-Мектептің педагогтары сабақтарды жүргізу кезінде және үзілісте балалардың денсаулығы мен өміріне тікелей жауап беру .Оқушы жарақат алған жағдайда тез арада әкімшілікке хабарлау .

-Педагог қызметкерге жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін оқушыларды алып қалуға төмендегі жағдайда ғана рұқсат етіледі :

1. Сынып сағаттары мен жиналыс өткізілген уақытта.
2. Сыныптағы жіне мектептегі іс-шаралар дайындық жүргізілген кезде.
3. Сынақ және қосымша сабақтар жүргізілген жағдайда.

2. Педагогикалық қызметкерлер аттестациядан 5-жылда бір рет «Педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау ережесіне» сәйкес өткізіледі

- Мемлекеттік стандарт нормасын пәндер бойынша орындауға:
- Сынып жетекшілік міндетін атқаруға.
- Ата-анамен жұмысты жан-жақты дұрыс жүргізуге
- Оқу процессі кезінде мектепте оқушылардың өміріне, денсаулығына жауап беруге .
- Мектептің ішкі тәртіп ережесін қатаң сақтауға.
- Мектептен тыс жерде мектепке қатысты мектептің ішкі жағдайы туралы мәліметтерді жариялауға тиым салынады .
- Мектеп ұжымының моральдық-психологиялықклиматын дұрыс сақтауға
- Қоңырау кезіндеоқушылардың тәртібіне , денсаулығына жауап беруге
- Мұғалімдер сабақ басталудан 15-минут ерте келу. Олар кабинет тазалығын тексеріп, дайындық жұмыстарын жүргізу. Сабақ аяқталғаннан кейін 20-минуттан кейін қайту. Мұғалім сынып оқушыларының барлығын үйлеріне жіберу, есікті бекіту.

7-мәселе Ағымдағы мәселе бойынша мектеп директоры .

Оқушыларды мектепке тасымалдау бойынша өтініштер қабылданып жатыр. 1-қыркүйектен бастап екі автобустан болады . Жаңа автобус берілгенімен құжаттарының дайын болмауына байланысты жүргізілуге рұқсат жоқ. Қыркүйектің 1-не дейін әзірге екі автобуспен тасымалданады . Екіншіден ыстық тамақ, 5-қыркүйек күнінен бастап оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету басталады , оған дейін құжаттарды толық тапсырып болу керек. Мұғалімде болуға тиісті құжаттар сынып жетекші болса 5-құжат болуға тиісті . Сынып жетекші болмаса 4-құжат болу керек. Ол қандай құжаттар ОМЖ, ҚМЖ ,БЖБ,ТЖБ тапсырмалары және сынып жетекші болсаңыз сыныппен жасаған жұмыс жоспары. Сынып сағаты күнделік кз-ға сабақ кестесіне қойылады .Оқушыларды тасымалдауға автобуска мұғалімдер кезекшілікке қойылады.

Сала бойынша бірлестік жетекшілерін бекіту өзгеріссіз.Тарификация бойынша әкімшілік құрамына кіретін ұстаздар : 1 А.А.Туркестанбаева, 2. К.М.Хақимжанова, 3.М.К.Кудабаева, 4.Х.Хусайын ,5.Г.Р.Кебекбаева.

1-қыркүйекке дейін кімде қандай құжаттар бар тапсыру керек . келесі оқулықтар бойынша. Екінші сыныптарға жаңа оқулықтар алып келінеді. Кейбір сыныптарға оқулықтар жетіспейді ,ол жетіспей жатқан оқулықтар басқа мектептерден әкелінеді . Ерекше білімді қажет ететін оқушылар сыныпта отырғанда ол оқушыларға жеңілдетілген түрде оқытылу керек. Ол оқушыға бөлек ҚМЖ , бөлек тапсырма дайындалу керек. 5 «Б» сыныбына Азберген Жанәбіл деген оқушы келіп отыр , сол сыныпқа сабақ беретін мұғалімдер сол оқушыға бөлек ҚМЖ , тапсырмаларыңызды дайындап отырыңыздар . Жалпы 13-оқушы инклюзив оқушылар , оның 3-үйде 10-мектептен білім алады. Ұлболсын Тобышбаевна кеңесші болып тағайындалды , оқушылардың өздерін -өздері басқару бойынша үйрету жұмысын қолға алуын тапсырды . Тамыз конференциясында мұғалімдерге берілген мадақтамаларды директор табыс етті.

Қаулы :

- 1.2022-2023 оқу жылының ӘНХ талдауы қанағаттанарлық деп қабылдансын.
- 2.9-11 сынып оқушыларын еңбекпен толықтай қамтылды.
- 3.Әр мұғалім күнделікті өтілген сабағын ескертусіз толтыру міндеттелсін.
4. Сынып жетекшілерді тағайындау бекітілсін.
- 5.Оқу кабинеттерін аттестаттау 1-қыркүйекке дейін аяқталсын.
- 6.Мектептің ішкі тәртібімен таныстыру қанағаттанарлық деп қабылдансын.
- 7.Ағымдағы мәселелер бойынша барлық сұрақ жауаптар толықтай қанағаттанарлық деп қабылдансын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы

Мектеп директоры:

Хатшы:



А.А.Туркестанба

А.Т. Берлибекова